

ҚАЗАҚСТАНДА ҚҰҚЫҚТЫҚ МЕМЛЕКЕТТІҢ ДАМУ КЕЗЕҢІНДЕГІ ҚҰҚЫҚТЫҢ РОЛІ

*Тұяқова Н.Б., мемлекет және құқық теориясы мен тарихы кафедрасының аға
оқытушысы,*

*Батыршаев Р.К., заң факультетінің магистранты, Академик Е.А. Бөкетов атындағы
ҚарМУ*

Осы күні тәуелсіз Қазақстан Республикасы басқа да посткеңестік елдер сияқты өзін халықаралық қауымдастықтағы орнын одан әрі нығайтуға барлық күш-жігерін салуда. Осы тұрғыдағы ең маңызды мәселелердің бірі - қоғамдық саланы әлемдік демократиялық стандарттарға келтіру және шынайы құқықтық мемлекетті құру болып табылады. Демократиялық үрдістердің алғы шарты - елде саяси еркіндік, адам құқықтарының сақталуы, әлеуметтік қорғау қамтамасыз етілуі, жеке және қоғамдық бастамалардың кең тарауы.

Қазақ елінің өз тәуелсіздігін алып, егемендігіне қол жеткізгеніне жиырма бес жыл болды. Осы жылдар аралығында еліміз қиын да, қыстаулы кезеңдерді, жетістіктер мен алға ілгерушіліктерді бастан кешірді. Алғашқы күннен бастап еліміз зайырлы, әлеуметтік және құқықтық мемлекет құру бағытын таңдап алып, азаматтық қоғам институттарын дамытуды басты мақсат етіп қойды. Қазақстан Республикасының қазіргі 1995 жылы қабылданған Конституциясы бойынша әлеуметтік және құқықтық мемлекетті құрудың алғышарттары мен негізгі принциптері белгіленген: «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы - адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» [1].

Құқықтық мемлекетті құруға Қазақстан Республикасы ұмтылуда және оның бастауы 1993 және 1995 жылғы Конституциялар негіз салды. Ол қоғамның тұрақты дамуы мен ретке келтірудің легитимді егеменді ұйымды білдіреді, ол жерде мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардың қызметтері құқықтық нормаларға байланысты, оларға бағынады және оларға сәйкес ылғи да түзетіліп отырады.

Қазақстанда құқықтық мемлекетті қалыптастыру - өте күрделі және динамикалық процесс, ол қоғамнан көп күш салуды қажет етеді. Құқықтық мемлекет демократиялық емес сипаттағы институттардан, құрылымдардан және қатынастардан бас тарту, құқықтық мемлекет үшін ерекше жаңа институттар мен құрылымдар енгізу және пайдалану.

Құқықтық мемлекет - адам қоғамының өмір сүру формасының ең жетілген жоғары, биік сатысы. Жаңа тұрпаттағы мұндай сатыға мемлекеттік құрылым өз бетімен келмейді. Ол көп шарттарға байланысты. Құқық жүйесі - қондырма, базистің өзгеруімен бірге ол да жаңа сипат алады. Заңды адамдар жазады, бірақ бұл олардың ойына келгенін қағазға түсіреді деген сөз емес. Заң қоғамдық құбылыстардың дамуын қамтамасыз ететін шынайы ішкі байланыстарды бейнелейді [2, 98].

Құқықтық мемлекет - тек парасаттылықтың, әділеттіліктің шынайы белгісі ғана емес, сонымен бірге адамның бостандығын, қадір-қасиетін, ар-намысын, теңдігін қорғайтын, демократияны қалыптастыратын күш. Міне қоғамның алдында тұрған осы мүдде-мақсатты орындау мемлекеттің міндеті, ал осы бағытта қалыптасқан құқықтық нормаларды орындау, сол арқылы заңдылықты, құқықтық тәртіпті қатаң сақтауға үлес қосу адамдардың міндеті. Құқықтық мемлекет екі жақты жауапты объективтік процесс.

Құқықтық мемлекет дегеніміз - жеке адам және қоғам мүддесін қорғайтын, заң үстемдігі мен құқық принциптеріне негізделген мемлекет. Құқықтық мемлекетті қалыптастыру ісі қоғамды демократияландыруға, құқықтық тәртіптің және заңдылық принциптерінің сақталуына негізделеді. Құқықтық мемлекеттің негізгі мазмұны - халықтың, адамдардың егемендігі, олардың табиғи бостандығы мен құқықтары. Халық ежелден еркіндікке, бостандыққа ұмтылған. Осы жолда небір тар жол, тайғақ кешулерді бастан кешірген. Ол мемлекетті қалыптастырудың негізгі күші - адам, қалың бұқара. Сондықтан мемлекет пен құқық демократияны дамытып, халықты қоғамның барлық саласын басқаруға қатыстыру қажет. Құқықтық мемлекеттің тарихы өте ертеде басталып және өзінің қалыптасуы мен дамуын әлі күнге дейін жалғастырып келе жатқандығын көре аламыз.

Құқықтық мемлекеттің қағидалары оның түп маңызын көрсетеді. Құқықтық мемлекеттің қағидалары арқылы оның мазмұнын терең біле аламыз. Құқықтық мемлекеттің қағидасы оның ақиқаттылығын көрсетеді. Қазіргі заң әдебиетінде құқықтық мемлекеттің қағидаларының бөлінуін, олардың қанша екенін әр зерттеуші өздерінің талаптарынан баға беруде. Осы күнге дейін қалыптасқан қағидаларға баға беріп, талдау жасап қарасақ, мынандай түрлерге бөліп қарауға

болады: құқықтық мемлекеттегі заңдылық қағидасы, заң тыйым салмағанның барлығына рұқсат қағидасы, адам мен азаматтардың табиғи құқықтарын сөзсіз мойындау және қорғау, мемлекетте биліктің бөлінуі және өзара әрекеттілігі қағидасына негізделген, құқықтық мемлекет, мемлекеттің азаматтардың жеке өміріне араласпаушылық, олардың өзара міндеттілігі мен жауаптылығы, саяси және идеологиялық плюрализм, тәуелсіз сот төрелігі, құқықтық мемлекетте дамыған азаматтық қоғамның болуы. Құқықтық мемлекеттің негізгі қағидалары адамзат тарихын мың жылдық дамуы барысында саяси-құқықтық ой-пікірде біртіндеп, эволюциялық жолмен қалыптасты.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік даму бағыты ретінде Ата Заңымызда бекітілген құқықтық мемлекетті қалыптастыру негізгі қағидаларды жүзеге асыруды талап етеді. Олардың қатарында биліктің заң шығарушы, атқарушы және сот билігіне бөлінуіне ерекше назар аудару қажет. Онда әлеуметтік құқықтық мемлекеттің басқа талаптары да қамтылған. Шындығында, заңның үстемдігі және жоғарыда көрсетілгендей, адам құқығы мен бостандығын жоғары құндылық ретінде бағалау сияқты құқықтық мемлекеттің негізгі қағидалары ретінде танылған бұл құбылыстарды зерттеу бүгінгі таңда да маңыздылығын жойған жоқ.

Қазіргі ғаламдық әлемде құқықтық мемлекет тұжырымдамасы мемлекет, қоғам және азаматтың арақатынасын қалыптастырудың әмбебап идеалы болып отыр. Құқықтық мемлекет идеясының мәні - оның бірізді демократиялылығы, билік көзі ретіндегі халық егемендігін бекіту, мемлекеттің қоғамға бағынуы. Құқықтық мемлекет идеясындағы бастысы - мемлекеттің және оның органдарының зорлық-зомбылығынан, басынуынан азаматтарды қорғау кепілі болатын мемлекеттің құқықпен байланыстылығы. Құқықтық мемлекет ең алдымен, барлық мемлекеттік органдар, лауазымды тұлғалар, қоғамдық бірлестіктер және азаматтар бағынуы тиіс өзіндегі құқықтық ережелермен өзін-өзі шектейтіндігімен ерекшеленеді, ал ондағы басты принцип - құқық үстемдігі.

Құқық үстемдігі деген ең алдымен заң үстемдігін білдіреді. Басты, маңызды, негізгі қоғамдық қатынастар заңмен реттеледі. Қоғам өмірінде заң үстемдігі арқылы, барлық саяси институттарда жоғарғы құқық бастаулары, құқық рухы енгізіледі. Осылайша, азаматтардың құқықтарының шынайылығы әрі мызғымастығы, олардың сенімді құқықтық мәртебесі, заңдық қорғалуы қамтамасыз етіледі. Құқықтық мемлекет - ең алдымен, құқықтық мемлекет идеялары іске асқан конституциялық мемлекет. Конституциялық құрылымның негізгі қағидалары, қоғам дамуының маңызды бағыттары, оның басты идеялары конституциялық деңгейде бекітіледі. Конституция құқықтық жүйенің орталығы болып табылады. Соның негізінде құқықтық мемлекеттегі заңдылық тетіктері қалыптасады.

Құқықтық мемлекетте қоғам өмірі заңмен реттеледі, заң үстемдік еткен жағдайда, сот ісі тәуелсіз болып, тек заңға бағынады. Құқықтық мемлекет әрбір жеке адамның заңды мүдделерінің, ар-намысы мен қадір-қасиетінің қорғалуына кепілдік беруі, барлық азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын, олардың бірлестіктері мен қауымдастығын қамтамасыз етуге тиіс. Оның негізгі белгілері: құқықтық заңның үстемдігі, билік бөлінісі қағидаларын конституциялық-құқықтық реттеу негізінде егеменді мемлекеттік биліктің ұйымдасуы мен қызмет етуі, индивид, қоғам мен мемлекеттің өзара қарым-қатынасының құқықтық нысаны. Құқықтық мемлекетте қоғам, топ мүшелері мен азаматтар қауымдастықтарының мемлекет алдында, жалпы мемлекеттің, оның органдары мен басқармаларының, лауазымды адамдардың қоғам, азаматтар алдындағы жауапкершіліктерінің қатаң тәртібі орнауы қажет. Құқықтық мемлекетте биліктің бір адамның, органның немесе әлеуметтік топтың қолында шоғырлануына жол берілмейді. Өзінің жетілген үлгісінде құқықтық мемлекет тұжырымдамасы биліктің барлық институттарының өкілді болуын, лауазымды адамдардың сайлануын білдіреді. Құқықтық мемлекет жағдайында сот әділдікті жақтаушы, кең мағынада құқықты қорғаушы, негізгі міндеті - адам құқықтарын қорғау болуы тиіс. Қоғам мен мемлекеттің өзара байланысы, өзара тәуелділігі мемлекет заңдарында көрсетілген құқықтар мен міндеттер арқылы жүзеге асады. Қазіргі кезде құқықтық мемлекет тұжырымдамасы адам құқықтарымен тығыз байланыста қарастырылады және адамның жеке, азаматтық, саяси және экономикалық құқықтары мен бостандықтарының қорғалуын білдіреді [3].

Құқықтық мемлекет қалыптасып, дамуы құқықтық негіздерді талап етеді. Яғни, заңдылық құқықтық мемлекеттің бастапқы алғышарты. Қазіргі кезде құқықтық мемлекеттің қалыптасып дамуына Қазақстан Республикасының Конституциясы, Құқықтық саясат тұжырымдама, т.с.с. түрлі құқықтық актілер ықпал етті. Әрине, құқықтық мемлекетті тек заң шығару арқылы дамыта алмаймыз. Ол үшін азаматтардың саналы түрде өздері заңдылықты орнатуға тікелей қатысуы қажет. Азаматтардың құқықтық мәдениеті мен құқықтық санасы жетілген сайын, соғұрлым олар

заңдылық пен құқықтық тәртіп орнатып, құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғамды дамытуға өз үлестерін қосып белсенді қатысады. Қоғамдағы әлеуметтік-құқықтық және экономикалық, саяси аялар жұмыс жасап, дамуда заңдылықты қажет етеді. Заңдылық нық орнап, күшейген сайын соғұрлым қоғамдағы түрлі салалар гүлденіп, жандана бастайды. Халықтың әлеуметтік жағдайы, тұрмысы көтеріліп, азаматтардың құқықтары мен бостандықтары толық іске асып, экономика құлдырамай, дамып отырса, қоғамға қажетті сапалы заңдар өмірге келсе онда құқықтық мемлекет қалыптасып дами түседі.

Демократиялық, құқықтық мемлекет құруға бет бұрып отырған еліміздің заңдарының халықаралық құқықтық нормаларға сай болуы заңды құбылыс. Құқықтық, демократиялық және азаматтық қоғам құруды мақсат еткен мемлекетіміз өткенімізді күнмен сабақтастыра отырып, заңнамаларын біріктіргенде ғана жүргізіліп жатқан құқықтық реформалар қарқынды болары сөзсіз.

Сондықтан әлі күнге дейін елімізде құқықтық мемлекет қалыптастыру мен заңдылықты орнатудың, жетілдірудің құқықтық астарларының арнайы зерттеле қоймауы және осынау маңызды мәселелерінің қоғамдық-саяси өміріміздің күн тәртібінде өткір тұр.

Ал елімізде заңдылықты нығайту және қамтамасыз ету жолдары мәселесіне келер болсақ, заңдылықты бұзуды жою тек заңдық мәселе ғана емес. Оны шешу үшін ең бастысы заңдардың талаптарын орындаудан бас тартатын, құқықбұзушылықты жасауға жағдай жасайтын, қылмыстық белсенділікті «тірілтетін» қолдайтын объективті факторлерді құрту. Экономикалық қатынастардың тұрақтануы, адамдарды материалдық қамтамасыз етудің өсуі, олардың ізгілікті тәрбиеленуі, әлеуметтік байланыстардың нығаюы, демократияның дамуы - заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайтудың қажетті алғышарттары мен басты жолдары.

Азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекеттің қалыптасуының басты алғышарттарының бірі - азаматтардың құқықтық білімін жетілдіру, құқықтық мәдениетін қалыптастыру, әсіресе оның құрамды бөлігі - адам құқығының мәдениеті. Адам құқықтары туралы ақпаратпен жүйелі қамтамасыз етудің қажеттілігі маңызды екенін ескерсек, онда бұл салада адам құқығы мәдениетін қалыптастыруда маңызды құралдың бірі - білім беру ұжымдары десек қателеспейміз.

Қоғам тәртіпке негізделіп, қалыптасып, өмір сүреді. Қоғамдағы тәртіп түрлі әлеуметтік нормалардың, адамдардың мінез - құлқын реттейтін қағидалардың әсерімен, яғни күшімен орнатылады. Құқықтық нормаларды қолдану нәтижесінде құқықтық тәртіп орнығатыны, ал құқықтық нормалар негізінен заңнан нәр алып белгілі құқықтар мен міндеттер жүктейтіні белгілі. Еліміздің заңдарын сақтау, оған мойынсыну - жауапкершілікті, түсіністікті, заңдарды білуді және соған сәйкес мінез-құлық пен іс-әрекеттерді үйлестіруді талап етеді.

Көп ұлтты тәуелсіз мемлекетті нығайту, өскелең ұрпаққа адамгершілік, патриоттық, азаматтық тәрбие беру біздің баршамызға міндет екенін өмірдің өзі дәлелдеп отыр. Құқықтық тәрбиені ұстаздар қауымы оқушымен қатар ата - аналармен, құқық қорғау органдары қызметкерлерімен, салауаттылық және денсаулық сақтау мекемелерімен, спорттық ұйымдармен, қоғамдық бірлестіктермен бірлесіп, тәрбиенің өзге түрлерімен байланыстырып жүйелі жүргізер болса, нәтижелі болмақ.

Демократияны дамыту мемлекеттің және қоғам өмірінің құқықтық негізін бекітуге тікелей тәуелді екені белгілі. Бұл процесс мемлекеттік маңызды шараларды жүзеге асыруды қажет етеді. Соның бірі – жеке адамның, бүкіл жұрттың мәдениетін көтеру, қоғамдық тәртіп орнатуға әрбір азамат, бүкіл халықты жұмылдыру.

Құқықтық мемлекеттің негізгі белгісі - халықтың құқықтық мәдениетінің болуы. Құқықтық мәдениет қоғам мәдениетінің негізгі салаларының бірі болып табылады. Ол екі бөлімнен тұрады: жеке тұлғалардың мәдениеті және қоғамдық мәдениет. Адамның жалпы мәдениеті мен құқықтық мәдениет, құқықтық мәдениет пен құқықтық сана өзара тығыз байланысты. Құқықтық мәдениет құқықтық санамен салыстырғанда әлдеқайда кең ұғым. Азаматтардың құқықтық мәдениеті олардың қолданыстағы заңдар жөніндегі білімінен байқалады. Барлық заңдарды білу қажеттілігі мүмкін емес болса да, негізгі қоғамдық қатынастарды реттейтін заң талаптарын әрине әрбір азамат білгені жөн. Азаматтар өздерінің негізгі құқықтары мен бостандықтарын, міндеттерін біліп, оны өзгелердің және мемлекеттің мүддесіне қайшы келтірмей түсініп саналы орындауы, мемлекет алдындағы өз жауапкершілігін сезіне білуі құптарлық іс.

«Жеке тұлғаның құқықтық мәдениеті жөнінде, әсіресе мыналарды баса көрсетуге болады: біріншіден, кез келген азамат өзінің құқығын, бостандығы мен міндетін анық түсінуі әрі оны бағамдап, парықтай білуі, екіншіден, осыларды мүмкіндігінше, іс жүзінде, өз өмір тәжірибесінде пайдалана алуы тиіс» [4, 20].

Құқықтық мәдениетті қалыптастырып дамыту еліміздің болашағын айқындаушы көрсеткіштердің бірі десек, өскелең ұрпаққа сапалы құқықтық білім мен саналы тәрбие беру ұстаздар қауымынан білімділікті, құқықтық білімдерін үнемі жетілдіруді, нормативтік - құқықтық құжаттармен үздіксіз танысып, жұмыс барысында оларды басшылыққа алуды үрдіске айналдыруды, салалық мекемелермен, отбасымен тығыз ынтымақтастық қарым – қатынас орнатуды және қажырлы еңбекті қажет етеді. Келелі жұмысты атқаруда бала құқығын қорғау, балаға қарым - қатынас мәдениетін көтеру, оның талабын ескеру де нәтиже береді деп ойлаймын.

Зандылық түсінігі мемлекеттің заңдарды және өзге құқықтық нормаларды орындау, оны іске асыру жөніндегі құқықтық қатынастардың субъектілеріне талабы болып табылады. Сонымен қатар, бұл түсінік бүгінгі таңда заңшығармашылық, құқық қабылдаушы және құқық қорғаушы аспектілеріндегі кең ауқымды мазмұн болып табылады. Жариялы билік органдарымен, сондай-ақ жариялы қызметті іс асырушы немесе жариялы билікті жүзеге асыру үшін құрылған қоғамдық бірлестіктермен жүргізілген кез-келген тексеріс нәтижесінде Конституцияға сәйкес шығарылған кез-келген актілері мен әрекеттері конституциялық бақылау деп түсіндіріледі. Сондықтан, осындай тексеріс Конституцияны талқылауға бағыттайды. Құқықтық мемлекетте заңдылық құқық нормаларын орындаумен ғана сиыспайды. Бұл өте күрделі құбылыс, өйткені оның әлеуметтік, саяси және құқықтық аспектілері орын алады. Демек, конституциялық қадағалау қызметін іске асыру кезіндегі прокуратураның қызметінің бағыттары маңызды болып табылады. Заң әдебиеттерінде прокуратура қызметінің мәселелері жетікілікті анықталмаған. Көптеген авторлар осы терминді қолдана келе, прокуратураның қызметін шектемей, көбіне оны теңестіреді. Прокуратура атқаратын функцияларын қызметтің бір түрі деп қарайтын көзқарас баршылық. Қазақстан Республикасының Конституциясында және «Прокуратура туралы» Заңында прокуратура қызметіндегі конституциялық қадағалау оның ең жоғары қадағалау қызметінің негізгі бөлігі болып бекітілген [5]. Сондықтан бұл түсінікті прокуратураға жат деп айтуға болмайды. Прокуратурамен жүзеге асырылатын ең жоғары қадағалаудың бірінші Конституция, одан кейін өзге нормативтік актілер баяндалады.

ТМД-ға қатысушы кейбір мемлекеттерде конституциялық заңдылық режимі мен оның қолданылуын дұрыс бағаламау, қоғам және мемлекет өміріне өзінің мейлінше зиянды ықпалын тигізді. Қоғамымызға өркениеттілік сипатын беру үшін, тұрмысымыз бен санамызға заңдылық принципін қайтаруымыз керек. Бұл принцип кеңес дәуірінде ойлап табылған жоқ ол буржуазиялық революциялар кезеңінде теңдік және әділеттілік идеяларымен бірге дүниеге келді. Ол - демократияны қоғам гүлденуінің негізі деп көрген ежелгі демократиядан бастау алады. Оның мәні - заңдылық пен заңдылыққа арқа сүйеген демократияның органикалық байланысында.

Әдебиеттер тізімі:

1 Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылғы 30 тамыз // http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000_

2 Спанов А.Қ., Шапақ У. Құқықтық тәртіп пен заңдылықтың өзара байланысы // Заңгер Қазақстан Республикасының құқық жаршысы. - № 8 (97) - 2009. - Б. 97-100.

3 Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған Құқықтық саясат тұжырымдамасы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы №858 жарлығы // Егемен Қазақстан - 2009 жыл 28 тамыз

4 Лисюткин А.Б. Принципы законности и их реализация в условиях формирования правового государства. Автореф. канд. юрид. наук. - Саратов, 2012. - С. 24.

5 «Прокуратура туралы» Қазақстан Республикасының 1995 ж. 21 желтоқсандағы № 2709 Заңы // online.zakon.kz/